**Елде және әлемде болып жатқан экономикалық үдерістерге жедел мониторинг жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 529 Қаулысы

Ықтимал келеңсіз үрдістерді анықтау және тәуекелдерді басқару бойынша экономикалық көрсеткіштерге жедел мониторинг жүйесін енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Елде және әлемде болып жатқан экономикалық үдерістерге жедел мониторинг жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 529 қаулысымен бекітілген

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.04 N 1010 , 2010.12.29 N 1439 Қаулыларымен.

**Елде және әлемде болып жатқан экономикалық үдерістерге шұғыл мониторинг жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **1. Елде және әлемде болып жатқан экономикалық үдерістердің шұғыл мониторинг жүйесінің техникалық негізін құру** | | | |
| 1. | Жедел мониторингтің көрсеткіштері бойынша ақпарат жинау нысан-дарын әзірлеу және келісу | 2008 жылғы мамыр | Нысандар тізбесі | ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, АШМ, ҚҚА, СА, ҰБ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (келісім бойынша) |
| | | | | ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, АШМ, ҚҚА, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Дерекқорды жаңартуды жүзеге асыру үшін ЭБЖМ-нің АТЖ-сіне қол жеткізуді қамтамасыз ету | 2008 жылғы маусым | ЭБЖМ-нің бұйрығы | СА, ҰБ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (келісім бойынша) |
| 3. | Нысандар тізбесін және ЭБЖМ-нің АТЖ-сіндегі ақпаратты жаңарту кестесін бекіту | 2008 жылғы шілде | Бірлескен бұйрық | ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, АШМ, ҚҚА, СА, ҰБ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (келісім бойынша) |
| | **2. Экономиканың осалдығы мен қауіп-қатерлерінің индикаторлары мониторингі мен оларды модельдеудің ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу** | | | |
| 4. | Қысқа мерзімді кезеңде экономиканың осалдығы мен ықтимал қауіп-қатерлердің шешуші индикаторларын бағалау және болжамдау әдістемесін әзірлеу | 2008 жылғы қыркүйек | Әдістеме-лік ұсынымдар | ЭБЖМ, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша) |
| 5. | Экономиканың осалдығы мен қауіп-қатерлерінің индикаторлары монито-рингі мен оларды модельдеу жүйесін бағдарламалық қамта-масыз етуді әзірлеу. Экономиканың осалдығы мен қауіп-қатерлерінің индикаторларын көзбен шолуды бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу | 2008 жылғы қазан | Бағдарла-малық өнім | "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), ЭБЖМ |
| 6. | Шұғыл мониторингтің ақпараттық жүйесін тестілеу және енгізу | 2008 жылғы қараша | Ақпарат-тық жүйені тестілеу және енгізу актілері | "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), ЭБЖМ |
| 6-1 | Өңірлік бөліністе шұғыл мониторинг нәтижелерінің | 2009 жылғы наурыз | Электрон-ды карта | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | электронды картасын әзірлеу | | | ЭБЖМ, СА, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша) |
| 6-2 | Салалар мен өңірлер бөлінісінде экономиканы мемлекеттік реттеудің шұғыл және жүйелі шараларын колдау үшін ахуалдық талдаудың ақпараттық-талдамалық моделін әзірлеу бөлігінде шұғыл мониторинг жүйесін жетілдіру | 2009 жылғы қараша | Ахуалдық талдаудың ақпарат-тық-тал-дамалық моделі | ЭБЖМ, Қаржымині, ЭМРМ, АШМ, СА, ИСМ, ККМ, ҚНРА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ келісім бойынша), "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша) |
| | **3. Ағымдағы іс-шаралар** | | | |
| 7. | Шұғыл мониторинг жүйесін енгізудің барысы туралы есепті Үкіметке ұсыну | Тоқсан сайын, 28 маусым, 28 қыркүйек, 2 8 желтоқсан | Үкіметке есеп | ЭБЖМ, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша) |
| 8. | Ағымдағы экономикалық жағдайға сәйкес ЭДСМ АТЖ нысандары мен көрсеткіштерін қайта қарау | Жарты жылдықтың қорытынды-лары бойынша жылына 2 рет | Нысандар мен көрсет-кіштердің тізбесі | ЭДСМ, Қаржымині, МГМ, АШМ, ИЖТМ, ККМ, ҚРА, СА, АҚОҚРА, ҰБ (келісім бойынша), "ҰТО" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (келісім бойынша), "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша) |
| 9. | (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.12.29 N 1439 Қаулысымен) | | | |
| 10. | (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.04 N 1010 Қаулысымен) | | | |
| 11. | (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.12.29 N 1439 Қаулысымен) | | | |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда

министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
АҚОҚРА - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
"ЭЗИ" АҚ - "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы
"ҰТО" АҚ - "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" акционерлік қоғамы
"Қазына" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
"Самұрық" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы
АТЖ - ақпараттық-талдамалық жүйе

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК